

ІЗГІЛІК ПЕН МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы



Ардақты аналар, аяулы арулар!

Баршаңызды көктемнің алғашқы жан жадыратар жаймашуақ мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Тіршілік тамырланып, шуағын шашқан бұл күн - жылылық пен сұлулықтың, мейірім мен махаббаттың мерекесі. Осынау айтулы күнге арналған менің жүрежарды азаматтық құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Адамзат атаулының жүрегін жылылыққа бөлейтін ананың аялы алақаны іспеттес өзімен бірге өзгеше леп, сезім самалын ала келетін бұл мерекенің орны ерекше. Жыл мезгілдерінің ішінде көгілдір көктем тіршілік түлеуінің, табиғат түрленуінің бастауы болса, әйелдер қауымы өдеміліктің, ізгіліктің, жылылықтың қайнар көзі сияқты. Бүгінгі күні әйелдер қоғамның барлық саласында да белсенділік көрсетуде. Олар саясаткер, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер және қатардағы қарапайым еңбеккер ретінде қоғамдағы өз орындарын айқындап, қолтаңбаларын қалдыруда. Осынау қатарда аудан экономикасының ілгерілеуіне ерекше үлес қосып жүрген әйелдер де баршылық. Өдеміліктерімен отырған орындарын әрлендіріп, қашанда кәсіпқойлықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан нәзікжандылар есебінен ел ырзығы еселенуде. Көктемнің көрікті мерекесі баршаңыздың шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға бақ пен береке әкелсін!



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №9 (95113) 7 наурыз 2025 ж.

Мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69% құрап отыр. Бұл республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Осы бағыттағы жұмыс жалғасады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 2022-2024 жылдар аралығында облыс аумағындағы 625 нысан мүгедек жандардың кіріп-шығуына бейімделген. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Мемлекеттік нысандар үшін бюджет қаржысы қарастырылған.

Сонымен қатар инватакси көлігінің саны соңғы екі жылда екі есеге өсті. Облыс көлемінде қазір 32 инватакси қызмет көрсетіп жүр. Жыл сайын мүгедектігі бар адамдарды қажетті техникалық құрылғылармен қамтамасыз етуге қаржы бөлінеді.

Жалпы облыс бойынша мүгедектігі бар азаматтарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін 13 мекеме жұмыс істейді. Өңірде инклюзивті орта қалыптастыру жұмыстары осындай бірнеше бағыттарда жүріп жатыр.



Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

► «Таза Қазақстан»

«Ыстық ұя» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында «Ыстық ұя» экологиялық акциясы өтті. Акцияның мақсаты – тұмса табиғатты қорғау мен экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығына халықтың назарын аудару, сондай-ақ жергілікті құстарға қолайлы орта жасау.

Іс-шара барысында қатысушылар ұя жасап, оларды жасыл аймақтарда, саябақтарда және құстардың ұя салуына қолайсыз жерлерге орнатты. Акция аясында білім беру дәрістері мен шеберлік сыныптары өткізіліп, ол халықтың, әсіресе жастардың, экожүйені қорғау мен құстардың маңыздылығы туралы экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

«Таза Қазақстан» жобасы аясында елімізде экологиялық мәдениетті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғат тазалығын сақтау идеяларын насихаттау жалғастырылуда. «Ыстық ұя» экологиялық акциясы аймақта тұмса табиғатты қорғау мәселелерін шешуде маңызды қадам болып отыр.

«Ыстық ұя» экологиялық акциясы аймақтың биологиялық алуан түрлілігін қолдауға әрі сақтауға маңызды үлес қосуда.

Жалпы Жетісу облысы бойынша «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында жыл басынан 740 жастың қатысуымен 200-ге жуық акциялар ұйымдастырылды.



• Кәсібі – нәсібі

«Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген жақсы сөз бар. Бағамдай білсек мұның астарында әйел адамның кез келген ауқымды істерге араласа алатынын, үлкен нәтижелерге қол жеткізе алатынын аңғартатын мағына жатыр. Өйткені қоғамның түрлі салаларындағы жетістіктерде әйелдердің үлесі бар екені бәріне аян.

Саялы Сарқан ауданында ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы сияқты кәсіп түрлерімен айналысып жүрген нәзік жандылар жетерлік. Солардың бірі Алмалы ауылының тұрғыны Ләззат Етекбаева. Ол 2007 жылы жолдасы Марат Етекбаевпен бірге «Нур алан» ЖШС-гін құрған. Олар кәсіптерін соя, арпа, бидай, сұлы егуден бастады. Шаруашылық шаруа адамына қажетті техникамен толық қамтылған. 2013 жылы "ҚазАгроҚаржы" ұйымы арқылы лизингке комбайн сатып алды, 2014 жылы КамАЗ көлігін, оның алдында өз қаржысына екі МТЗ тракторын са-

Жер-ананың берері мол

тып алды. Былтырғы жылы 34 миллионға Massey Ferguson ауылшаруашылық тракторын алған. 2024 жылы 35 миллионға мемлекеттен субсидия арқылы Семей өңірінен сүтті-етті бағыттағы 120 бас ірі қара алған, 15-шақты жылқысы бар. Бұрынғы 1-ші бригаданы жекеменшікке сатып алып, жарық тартатын үлкен подстанция қойған. Енді су шығарсақ деген арманы бар. Суды қыстың күні үйден бөшкемен тасыса, жазда Басқанның суын пайдаланады.

Ләззат Жанахметқызы 2 ұл, 2 қызы бар көпбалалы ана. Еламан атты үлкен ұлдың мамандығы агроном, әкесі 2018 жылы 50 жасында мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін ізін жалғастырып шаруашылық басқаруда. Отбасындағы қыздың үлкені тұрмыста болса, екінші қызы студент. Үйдің ең кенжесі Алан студент, инженер-механиктің оқуын оқуда.

- Біздің ЖШС-не 12 шаруа қожалығы біріктірілген. Учаскелердің жалпы ауданы

500 гектарды құрайды, оның 335 гектары егістік және 140 гектардай тәлімі жер. Былтырғы жылы шаруашылық 60 гектар жерге қант қызылшасын, 200 гектарға соя, 10 гектарға жоңышқа, 30 гектарға күздік бидай, 335 гектарға дәнді дақылдар еккен. 173 гектар егістік алқап Амангелді ауылдық округінде, 161 гектар осы Алмалы ауылында орналасқан. Қожалықта 20 жұмысшы бар, соның 10-ы тұрақты болса, қалғаны науқан кезінде жұмыс күші жетіспей жатқанда жәрдемдеседі, - дейді Ләззат Етекбаева.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісайдың тумасы Ләззат Жанахметқызының Етекбаевтар әулетіне келін болғанына 33 жыл болыпты. 1992 жылы Шымкенттің кооператив техникумын бітірген, қазіргі таңда Алмалы ауылында «Еламан», «Нуралан» атты 2 дүкені бар. Жолдасы құрылыс техникумын бітірген, өздері орта оқу орнын бітіргеннен кейін балаларына жоғары білім әперейік деп шешіпті. Ең

үлкен балаларынан 7 немересі бар.

-Жетісайда 4 сыныптан бастап мақта теретінбіз сол кезде есімі республикаға мәлім Жұмагүл Сәуірбаева деген комбайнер әйел болды, үлкейгенде техниканың тізгінін ұстаймыз деп сол кісіге қарап еліктеп өстік. Қазір сол кісі сияқты жер - ананың ырыздығын көріп келеміз, -дейді сөз арасында кейіпкеріміз. Кәсіпкер апайымыздың болашаққа белгіленген жоспары зеңгі бабаның Алатау тұқымын өз төлі есебінен көбейтіп, 13 гектар аумақты құрайтын алқапта сүт-тауарлы фермасын салу екендігін әңгіме ауанынан аңғардық.

Сарқан аудандық іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Ләззат Етекбаеваның басқа кәсіпкерлер сияқты қайырымдылық іспен айналысуы жақсы дәстүрге айналған. Кәсіпкер-әйелдер аз қамтылған отбасындағы балаларға мектепке жиналуға көмектесіп, олардың отбасы мүшелерін көмірмен, күнделікті азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ТҰҢҒЫШ РЕТ КӨШПЕЛІ ОҢАЛТУ ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Жетісу облысында тұңғыш рет әлеуметтік маңызы бар жоба – мүгедек жандардың үйінде көшпелі оңалту шараларын жүргізу қолға алынды. Аталған жоба «Асар» мүгедектерге арналған спорттық-оңалту орталығының базасында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Асар» орталығының директоры Елдос Баялышбаевтың айтуынша, бұл жоба орталыққа өздігінен келе алмайтындар үшін аса пайдалы.

- Біз жұмыс барысында мүгедектігі бар адамдардың көпшілігіне оңалту орталығына келудің қиындық туғызатынын байқадық. Күндізгі уақытта кейбіреулер жұмыста болса, кейбіріне үйлерінен орталыққа жету оңай емес. Сондықтан біз осы көшпелі оңалту жобасын қолға алдық. Біздің бұл маңызды бастамамызға облыс басшылығы қолдау білдірді, - деді Елдос Баялышбаев.

Жалпы бағдарламада пациенттердің екі тобы қамтылуда. Атап айтқанда, күндізгі шаралар өздігінен қозғала алмайтын азаматтарға бағытталып отыр. Ал сағат 21-ден 23-ке дейін түнгі топ жұмыс



істейді. Бұл уақыт аралығында күндіз жұмыста болатындықтан орталыққа келе алмайтын мүгедек азаматтарға ем шаралары жүргізіледі. Жобаның ерекшелігі сол, мамандар пациенттердің үйіне барып, оларға сауықтыру массажы мен емдік дене шынықтыруын жасатады. Әр сеанс шамамен бір сағатты алады, әр пациентпен жеке жұмыс жүргізіледі. Көшпелі бригада құрамында массажист,

емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен жүргізуші бар. Бұл ретте мамандардың жұмысына қолайлы жағдай жасау үшін арнайы таңбаланған автокөлік сатып алынған.

Талдықорғандық отбасылар көшпелі оңалту шараларының игілігін алғашқылардың бірі болып көрді.

- Зайыбым Анар 11 жыл бұрын инсульт алды. Үшінші қабатта тұрамыз,

арнайы көтергіш жоқ болғандықтан, сыртқа шығу, оңалту орталығына бару бізге қиындық туғызады. Қазір үйімізге келіп, оңалту қызметін көрсетіп жатыр. Бұл бізге өте қолайлы. Мамандардың тиісті ем шараларын жасап жатқанына он күндей болды. Осы бастаманы іске асырып жатқан азаматтарға алғыс айтамыз, - деді А. Басшығұлованың жұбайы Қанат Қосуханов.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың айтуынша, бұл жоба – тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға жасалған игі шараның бірі. Жыл соңына дейін осындай қызмет түрімен 200-ден астам адамды қамту жоспарланған. Алдағы уақытта көшпелі оңалту тобы облыс орталығы маңындағы аудандарға да шықпақшы. Бұл жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 30 млн. теңге бөлінген. Бұл қаражат жобаға тартылған мамандарға, яғни көлік жүргізуші, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен массажист маманның жалақысына жұмсалады.

Жалпы Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69% құрап отыр. Бұл – республика бойынша бұл ең жоғарғы көрсеткіш. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Облыс көлемінде қазір инвотакси саны 32-ге жетті.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еңбекпен өрілген өмір

Жуырда Құман Тастанбеков атындағы Сарқан аудандық мәдениет үйінде кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен «Еңбекпен өрілген өмір» атты жарқын жүздесу өтті. Жүздесуге аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, жастар өкілдері қатысып, еңбек адамының берекелі белестерін ой сарабынан өткізді.

Жүздесу тізгінін қолына алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман жүздесудің басты көйпкерімен жан-жақты таныстырды.

Сарқан ауданы Алмалы ауылының тұрғыны Тазабекова Кенжетай Жұмағалиқызы жолдасы Досжан Алдабергенұлы екеуі мал өсіріп, оның игілігін көріп келе жатқан еңбек адамдары. Мал өнімдерін ұқсатып, қатарластарына үлгі болған Кенжетай бүгінгі таңда осы саланың білікті ұйымдастырушыларының бірі. Ол «Тастұма» шаруа қожалығының басшысы, Сарқан аудандық тұрғын үй кеңесінің төрайымы, «Атамекен» ҰКП Жетісу өңірі бойынша облыстық кеңесінің мүшесі, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрайымы, Жетісу облысы «Алтын Адам Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің Сарқан ауданы бойынша үйлестірушісі, «АНАТ» партиясының мүшесі, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі, Алмалы ауылының «Аяулы асыл әжелер» ансамблінің жетекшісі.



Жүздесу барысында Қазақстан Республикасы үздік іскер әйелдері республикалық байқауының І-ші дәрежелі дипломының иегері Кенжетай Жұмағалиқызы адал еңбектің арқасында жеткен жетістіктерін өз сөзіне арқау етіп, шаруа қожалығының тынымсыз еңбегі жайында бейнекөрініс назарға ұсынылды. Замандасының кісілік келбеті осы басқосуда сөз алған Сарқан ауданының Құрметті азаматы Сания Елубаеваның, іскер әйелдер кеңесінің мүшелері Татьяна Лебедеваның, Эльмира Ақпанованың құттықтау лебіздеріне арқау болды. «Бір ауыл - бір өнім» жобасының жүлдегері Эльмира Нұрқасымқызы өз кәсібінің нәтижесімен таныстырып, мал жүнінен, киізден дайындалған киімдерді жұртшылық назарына ұсынды.

Жүздесудің шырайын аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері Гүлжан Қисабекова, Нұрбол Дәрібаев, Әйгерім Нұрмұхамет және Алмалы ауылдық әжелер ансамблінің репертуарындағы әсем өндер аша түсті. Еңбектен бақытын тапқан адамдар туралы мұндай кездесулердің жастарға берері мол.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Бірлік бар жерде тірлік бар

Қазіргі таңда Қазақстан – бейбітшілік пен келісімі сақталған, түрлі этностар өзара ынтымақтастықта өмір сүріп жатқан біртұтас ел. Республикамыз – жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүретін полиэтникалық мемлекет. Бүгінде халық саны 19 миллионға жуық адамды құрайды, оның ішінде мемлекет құраушы қазақтардың үлесі 70%-ға жетті.

Қазақстан Республикасында этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналып отыр. Еліміздің Конституциясын да «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылған. Ол мемлекетті қалыптастырушы қазақ ұлтына этносаралық келісім мен ынтымақтастықты сақтауға, өзге этностар құқықтарының шектелмеуіне деген жауапкершілікті жүктейді. Елімізде ұлттық тұтастық, ұлттық өркендеуінің мағыналық құрылымы бойынша халықтар арасындағы келісімге негізделген.

Сонымен қатар, этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастық, келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау ісіне көп көңіл бөлінуде. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына аса мән береді.

С. САДЫҚОВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.



Қоршаған ортаға пайдасын тигізеді

Туризм – мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің көркем де, әсем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне ғана тән ерекшеліктерін табуға болады.

Туризмнің дамуы барлық жақтан қарап келгенде де тек оң әсерін тигізеді. Мысалға, мұнай өнеркәсібі қоршаған ортаны қатты ластайды, жергілікті тіршілікке үлкен зиянын тигізеді. Ал, туризм саласы, керісінше табиғаттың тазаруы мен күтілімін талап етеді, осыдан туристік кәсіпорындар қызметі тек жалпы экономикаға емес, сонымен қатар, қоршаған ортаға да өз пайдасын тигізеді.

А. ЕРБОЛАЕВ,
Сарқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ұлттық бірегейлікті нығайтудың жолы

Еліміз табиғатқа да, пайдалы қазбаларға да, тарихқа да бай. Сондықтан қазақ мәдениетінің байлығын көрсету үшін әрі туризмді дамыту үшін мәдени шаралар, фестивальдар мен көрмелер ұйымдастыру қолға алуда. 2022 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі елдің туристік саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының жаңа жобасын әзірлеген болатын. Тұжырымдамада жоғарыда айтылған маңызды пунктер көрсетілген. Болжамдық есептеулерге сәйкес, 2026 жылға қарай туризмді дамытамын деген кәсіпкерлерді жаңа шаралармен қамту кемінде 2,5 мың бірлікке жетеді. Осы арқылы жұмыссыздық мәселесінің шешімін табуға өз үлесі болады. 2026 жылға қарай туризм саласында кемінде 5,5 мың жұмыспен қамтылуды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Мемлекетімізде ішкі туризмді ұлғайту тек экономикалық пайда ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті нығайтудың, аймақтық экономиканы дамытудың және елдің табиғи мұрасын сақтаудың жолы. Бұл шараларды жүзеге асыру елде туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі және Қазақстанды демалыс пен саяхат үшін әлем тамсанар тартымды орынға айналдырады.

Ж. МҰҚАШЕВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Жетісу облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ. Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат. Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 87072790018.

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет. Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2025 жылдың «1» наурызынан бастап 2025 жылдың «15» наурызға дейін. Өтінім берудің басталу күні: 2025 жылдың «1» наурыз. Өтінім берудің аяқталу күні: 2025 жылдың «15» наурыз. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген

нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; - мүгедектігі бар адамдар; - мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер; - зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы); - балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін; - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде; - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды; - белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар; - аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы"

ордендерімен наградталған көпбалалы аналар; - наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде; - қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуіне ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; - әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер; - азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - мінез-құлқына ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер; - коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер. бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер; - медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау

саласындағы БҚ өзірлеу - мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығын ұйымдастыру - қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары - мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері: - отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру; - мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу; - әлеуметтік оқыту, біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері; - мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері) - қоршаған ортаны қорғау; - халықтың әлеуметтік осал топтарына герияриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

•101 ескертеді

Су тасқыны қауіпі кезінде

Су тасқынының негізгі себептері – қатты жауын-шашын, қардың жылдам еруі, жер асты суларының көтерілуі және өзендердегі мұз кептелістері. Қауіп-қатерді азайту және келеңсіз салдардан аулақ болу үшін алдын ала дайындалып, қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Алдын ала не істеу керек? - Ауа райы болжамын қадағалаңыз. Егер қатты жауын-шашын немесе кенеттен жылыну күтілсе, су деңгейінің көтерілуіне дайын болыңыз. - Су ағызу жүйелерін тексеріңіз. Арналар мен арықтардың бітелмегеніне және судың еркін ағуына көз жеткізіңіз. - Қажетті заттарды жоғары көтеріңіз. Егер үйіңіз қауіпті аймақта болса, құжаттарды, техниканы және маңызды заттарды биік жерге орналастырыңыз. - Төтенше жағдай жиынтығын дайындаңыз. Оған шам, батареялар, ауыз су, дәрі-дәрмек, құжаттар және эвакуация жағдайында қажет заттар болуы керек. - Аулада қорғаныс шараларын жасаңыз. Үй айналасына құм салынған қаптарды қойып, судың кіруіне тосқауыл жасаңыз.

Су тасқыны қауіпі төнгенде не істеу керек? - Электр және газды сөндіріңіз. Су тасқыны басталғанда, қысқа тұйықталуды болдырмау үшін электр қуатын өшіріңіз. - Жертөлге түспеңіз. Су кенеттен көтерілуі мүмкін, бұл өмірге қауіпті. - Қауіпсіз жерге көшіңіз. Егер су деңгейі көтерілсе, қауіпті аймақтан кетіп, эвакуация бекеттеріне барыңыз. - Төтенше қызметтерге хабарласыңыз. Су тасқыны қауіпі төнсе немесе көмек қажет болса, 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Су басқаннан кейінгі әрекеттер - Үйге бірден кірмеңіз. Құтқару қызметтерінің рұқсатын күтіңіз, себебі ғимаратқа зақым келуі мүмкін. - Электр және газ жүйесін тексертіңіз. Электр қуатын қоспас бұрын мамандарды шақырып, қауіпсіздігін тексертіңіз. - Үйді көгеруден сақтаңыз. Ылғалдылық көп болуы мүмкін, сондықтан ғимаратты мұқият кептіру қажет.

Жетісу облысының ТЖД тәулік бойы жағдайға мониторинг жүргізеді және ескертеді: дер кезіндегі дайындық сізді, сіздің отбасыңыз бен мүлкіңізді қорғауға көмектеседі. Сақтық шараларын сақтаңыз және құтқару ескертулеріне мұқият болыңыз!

Ринат АХМАРОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сіріңке балаға ойыншық емес

Балалардың отпен ойнауы - қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын әр ата-ана ұмытпағаны абзал. Оттың зардаптары мемлекетке әрі азаматтардың жеке дүние-мүлкіне де өз залалын тигізеді. Ал отпен ойнағандар қайғылы қазаға да ұшырайды.

Мұндай жағдайлар қалай болады? Көпшілігінде ересек адамдар кінәлі. Өз бетінше үйде бақылаусыз қалған балалары тыйым салынған ойындармен ойнап сіріңкені ермек етеді. Сіріңкемен ойнау адамға қайғы әкелетіні олардың есіне де кірмейді. Мұндай жағдайлар ата-аналары электр құралдарын, жанып жатқан пешті бақылаусыз қалдырып, сіріңкені баланың қолы жетпейтін жерге жасырып кетпегендіктен болады. Мынандай жәйіттер де кездеседі, кейбір ата-аналар баланың отқа қызығушылығын көре тұрса да, баланың көз алдында сіріңкені тұтатып, баланың ойнауына еркіндік береді. Әрине бұл баланы қызықтырып, жанған от есіне ұзақ сақталады. Бір қарағанда ештеңе жоқ сияқты көрінгенмен бала бойында отпен ойнау дағдысы қалыптасады. Бала отпен ойнауға болмайтынын түсінуі үшін, оған осы жайлы әркез есіне салып отыру қажет. Отпен ойнаған баланың тентектігі жайлы әңгімелеп берген де орынды.

Есіңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес бұл отпен ғана күрес емес. Бұл ең алдымен біздің балаларымыздың бақытты, қуанышты, шат өмірі үшін күрес.

Әділет ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



КАРАНТИННЫЕ ВРЕДИТЕЛИ:

калифорнийская щитовка, восточная плодоярка и непарный шелкопряд

Сельское хозяйство сталкивается с серьезными угрозами со стороны опасных вредителей – калифорнийской щитовки, восточной плодоярки и непарного шелкопряда. Их распространение может привести к значительным потерям урожая и ослаблению плодовых деревьев.

Калифорнийская щитовка (Quadraspidiotus perniciosus)

Этот вредитель поражает плодовые деревья, высасывая соки из коры, листьев и плодов. Основная опасность – замедление роста растений и снижение урожайности. Распространяется через зараженный посадочный материал и транспортировку плодов. Щитовка дает 2-3 поколения в год, а её отрождение начинается весной при повышении температуры. Для борьбы применяют карантинные меры, биологические методы (энтомофаги) и инсектициды.

Восточная плодоярка (Grapholita molesta)

Гусеницы этого вредителя проникают в плоды и побеги, вызывая их повреждение и опадание. Особенно страдают яблоня, персик и груша. Восточная плодоярка активно размножается в теплых условиях, что способствует её распространению. В год развивается до 4-5 поколений, а массовое отрождение начинается весной. Эффективные методы борьбы – феромонные ловушки, севооборот и применение инсектицидов в период массового лёта бабочек.

Непарный шелкопряд (Lymantria dispar)

Этот вредитель уничтожает лиственный покров деревьев, снижая их жизнеспособность. Гусеницы отличаются высокой прожорливостью и устойчивостью к неблагоприятным условиям. Распространяется ветром и с зараженным материалом. В северных регионах развивается одно поколение в год, в южных – до двух. Отрождение гусениц происходит весной, когда температура достигает 10-12°C. Основные меры борьбы – механическое уничтожение кладок яиц, биопрепараты и химическая обработка лесополос.

Заключение Калифорнийская щитовка, восточная плодоярка и непарный шелкопряд представляют серьезную опасность для сельского хозяйства. Только комплексный подход – мониторинг, биологические и химические методы борьбы – поможет сдержать их распространение и защитить урожай.

Если вдруг вы обнаружите на своих культурах данных вредителей, то можете воспользоваться инсектицидами, разрешенные к применению на территории Республики Казахстан.

Ш.АБДУХАЛИКОВА,

энтомолог «РМЦФДиП» РГУ Сарканского районного филиала.

Қасақылықтан қорғау мемлекеттік инспектордың міндеті

Жетісу өлкесі ежелден саяхатшылар мен зоолог ғалымдардың қызығушылығын тудырып келе жатқан жануарлар әлеміне бай өңір. Қазақстан аумағында сүтқоректілердің 8 отрядынан таралған 178-дей түрі мекендесе, соның 6 отрядынан таралған 49 түрі "Жоңғар Алатауы" МҰТП аумағында тіршілік етеді. Ол Қазақстан аумағындағы сүтқоректілердің 30 % құрайды. Жоңғар Алатауы МҰТП аумағында тіршілік ететін сүтқоректілердің ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген сирек кездесетін жануарлар да кездеседі. Олар: Барыс, Түркістан сілеусіні, Сабаншы, Тас сусары, Тянь-Шань арқары, Тянь-Шань қоңыр аюы.

Табиғатты қорғау және сақтау мақсатында жер жаннаты Жетісу төрінде «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи парк өз қызметін атқаруда. Парктің өзі Жетісу облысының шығысында орналасқан және үш ауданның – Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын қамтиды. Парк аумағы батыстан шығысқа қарай шамамен 300 км-ге созылып жатыр.

Осы аумақтарды қасақылықтан қорғау мақсатында мемлекеттік инспекторлар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану заңының аясында жан – жақты жұмыстар атқаруда.

Парк аумағында жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзушылықтары анықталған кезде мемлекеттік инспекторлар мемлекеттік қадағалау тәртібімен жедел ден қою шараларын қабылдай отырып Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке немесе заңды тұлғаларға ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырады.

Біз мемлекеттік инспекторлар әсем табиғатымызды қорғауға өз үлесімізді қосып жүргенімізді мақтан тұтамыз.

Ж.МОЛДАХАН,

жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің басшысы, мемлекеттік инспектор.

Ел анасы

Әулие Ақсұлу анамыздың рухына

Жомарт ИГИМАН



Қатал тағдыр тезге сап илесе де,
Кәделі орын тарихтан тимесе де,
Ел жадынан ешқашан өшпейтұғын,
Ел анасын жас толқын үлгі ете ме?

Үміті өшіп, намысы тапталғанда,
Ұрпақ қамын балаған басты арманға.
Өз әжеміз Ақсұлу ойға оралды,
Аналардың ерлігін еске алғанда.

Рулы елдің басынан азалы мұң,
Арылса деп танытқан даралығын.
Ақсұлуды Әлпеш деп әспеттеген,
Ұлы халқым, бұл нағыз даналығың.

Шежірем ғой бағдар ғып ұстанғаным,
Жария етем тегімнің құт қадамын.
Өркен жайып желкілдеп өнгеніміз,
Еланамның ақылы жұртқа мәлім.

Найман бабам екі әйел алған дейді,
Бұл дерек шежіреде қалған дейді,
Осы әулеттің атағын аспандатқан,
Сүйікті төрт перзенті болған дейді.

Бақ еді ғой басына таңдап қонған,
Болашақты қай пенде барлап болған.
Төрт ұлды ұрпағымен жау қырып сап,
Сексен үште бабамыз зарлап қалған.

Ошақтың оты сөніп, өшіп жатты,
Әулеттің үйін жығып, қосын жапты.
Кенже ұлы ер Тоқпанның келіншегі,
Он сегіз жаста Ақсұлу жесір қапты.

Бір әулеттің арманын көкке сүйреп,
Үміт шоғы ешқашан өшпесін деп.
Сіңілісі Тоқсұлуды қосқан екен,
Абыз атам ұрпақсыз кетпесін деп.

Нардың жүгін арқаға артып еді,
Тәуекелдің түсінді нарқын елі.
Келген жердің үміті үзілмесе,
Қиылмаса өркені- бар тілегі.

Өтіпті небір дана даламызда,
Құйыпты салт-дәстүрді санамызға.
Есімін Белгібай деп қойған екен,

Шыр еткен беріп Алла бабамызға.

Осылай патша құдай сый қылады,
Сәбидің көкейіне нұр құяды.
Он сегіз жылдан кейін Әлпеш ана,
Белгібаймен некесін қидырады.

Өзиз анам ерекше дара туған,
Орын алғаны анық жәннатыңнан.
Белгібайдан Сүйініш, Сүйініштен-
Төлегетай бабамыз жаратылған.

Көп қамын ойлап бабам шарқ ұрыпты,
Қалың ел әулие деп нарқын ұқты.
Төлегетай перзенті Қытай бидің,
Ертерек тірлік дәмі таусылыпты.

Қазақтың салтыменен, сертіменен,
Қалған ұрпақ тілеуін ел тілеген.
Матай, Садыр, Төртуыл, Қаракерей,
Төртеуін Төлегетай еншілеген.

Баққа құштар бабамыз басқа құмар,
Келешектен мол үміт тосқаны бар.
Ақсұлу ана кейін Белгібайға,
Кішілікке сіңілісін қосқаны бар.

Бабамның сүйіншімен таңы атады,
Солайша үшеу болды бала саны.
Сүгірші, Өтегеннен шежіреміз,
Тағы да бес атаны таратады.

Тағдырдың өтіп талқы-талғамынан,
Ұрпағы өсіп-өнді сан жағынан.
Саржомарт, Балталы мен Бағаналы,
Көкжарлы, Бура дейтін тармағынан.

Найман бабам өркені өскен екен,
Күллі арман-мақсатына жеткен екен.
Жүз отыз сегіз жасқа жеткен жылы,
Тоғызын көзбен көріп өткен екен.

Халқына аңыз болып қалған бабам,
Кеткен келіп, кемтігі толған бабам.
Құдайдан сұрап, қолдан құрап алған,
Ұрпағы өсіп-өнген орман бабам.

Өмеңгерлік маңдайға жазылғаны,
Кемеңгерлік қасиет танылғаны.
Өз анамнан өнеге алса керек,
Алтын құрсақ қазақтың арулары.

Жаралғалы жұмыр жер, ақық аспан,
Кімдер өсіп-өнбеді топырақтан.
Қаракерей Мұрын мен Матай Қызай,
Әйел заты еркектен ақылы асқан.

Шаңырақтың шырағын жаға алмаса,
Қиындықтан шығар жол таба алмаса.
Біз болар ма ек, Ақсұлу аңыз анам,
Бабамыздың бағына жаралмаса.

Жақсылардың осындай жалғасы едік,
Аңыз еміп өскенбіз таңға серік.
Әулетіне әр берген әулиеміз,
Анамызды өтеміз хан көтеріп.

Аңыз бен ақиқаттың нәрі мұнда,
Бар мәселе халқымның танымында.
Жаңақорған жерінде бой көтерді,
Ескерткіш Төлек ата қорымында.

Әйел-анаң, жарың ғой жаныңдағы,
Ұқсайтын ұлы адамға аңыздағы.
Еланам ескерткіш боп тұрар мәңгі,
Қазақтың сайын шалқар төрінде әлі...



Жаныңа жыр, жүрегіңе жылы сыйлайтын мереке

8 наурыз – ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншектерге дейін асыға күтеді. Бұл күн – отбасы берекесі мен ұйытқысы болып табылатын біздің аналарымыз, жарымыз, әпкелеріміз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн.

Қазақ әйелі бағзыдан даланы қорғаған, ерлермен бірге ерлік жасаған. Қазақ әйелі тек қана ошақ басының емес, бүкіл өмірін, ұрпағын сақтаған, ерліктің үлгісін көрсеткен. Бесік тербейтін, батырды өсіретін, ұлтымызды сақтайтын, ертеңгі ерлерді өсіретін ол - әйел, келін, ана.

Әйел затының міндеті – сырттай қарағанда отбасы, ошақ қасы секілді қарапайым көрінгенімен, нақтырақ зер салсақ, үй ішінің шаруасы-кәсібімен айналысып, бала-шағаны бағып-қағу, өсіру, ағайын жұрттың береке-бірлігіне ұйытқу болу сияқты негізінен үйелменнің құт-берекесін арттыратын ең бір маңызды істер әйелге жүктеліп, әр шаңырақтың тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы да осы үйдегі ақ жаулықты аналарымызға байланысты болып келеді.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, қуаныштан жүздері балбұл жанған ақжаулықты аналардың алдында барша азамат мәңгі қарыздар. Ананы сыйлаған, имандылыққа ұйыған халқымызда «Ананың сүйген жері – отқа күймейді, оқ та тимейді» деген тәмсілге сай олардың жүзін мұң шалмауы үшін бар жақсылықтың жалғасатыны анық.

Бұл күн ізгіліктің, мейірімділіктің, әдеміліктің нышаны. Аналарымыз өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын сеуіп, әркімнің жүрегіне сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайтын жандар.

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел - тек отбасының береке - бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсе-не араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының ұжымы нәзікжанды жерлестерін, әйел-аналар қауымын көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі - 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайды.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ
Сарқан филиалының жоғарғы
санатты архивисі.

Ақ тұма - ақ бұлағым, ақ қайнарым

Мағауия Ахметқалиқызы 1952 жылы Алматы облысы, Сарқан ауданының Қарауылтөбе ауылында дүниеге келді. Сарқан қаласындағы Абай атындағы орта мектептің түлегі. Алматы қаласындағы Қазақ қыздар педагогикалық институтын бітірген соң ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметте болды. «Еңбек ардагері» медалінің иегері.



Сарқанда

Таудан аққан өзенімнің жағасы,
Алау жаққан алаңға бір қарашы.
Сол қалпы, көзге оттай басылар,
Ыстық маған Қойтастың сай-саласы.

Ол жер бүгін айналған саябаққа,
Бір шоқ гүл, естелігім сол жақта.
Өмір өзен ағып өтіп барады,
Кете бердік сол ағыспен жан жаққа.

Сылдырлайды сырын шертіп өзенім,
Қимастықтан өртенеді өзегім.
Талай жыл келмеппін мен басыңа,
Жазғыра көрме, өкпелісің, білемін.

Топырағыңа аунап-аунап тұрсам да,
Ақ қайыңды құшағыма алсам да,
Сағыныш сазы тамағыма тығылып,
Ерік бердім еркіме,
қанша мықты болсам да.

Өркендей бер, сағындырған
Сарқаным,
Жайнай берсін жасыл жайлау
алқабың.
Тыныштықпен арайлап атсын
әр таңың,
Еске аламын, мақтан етіп әрдайым.

Алдияр батыр ескерткіші жанында

Қасиетті Жетісуым жусан исі
бұрқыраған,
Алтын сарай, жұмақ ол, жазда барғам.
Қасқайып қарсы алды
батырым-Алдиярым,
Әлі күнге түспегендей тұғырынан.

Қазақ елі қолбасшысы Қабанбайдан,
Бата дарып, талай сарбаз атқа қонған.
Елім деп белін буған көп қой батыр,
Орта жарып, оза шауып қол бастаған.

Бойымда тектіліктің қаны ойнаған,
Салып кеткен сара жолды Ұлы бабам,
Адалдық, жайсаң мінез, қайсарлық та,
Қанмен келген қасиет, ойлан балам.

2023 жыл.



Көшпенділердің мінезі бар қазақ қызы еркін және нәзік. Өз болмысын сақтай отырып, заман ағымына ілесе алған да қазақ қызы. Қазақ қыздары – өткеннің сақтаушысы, бүгіннің көшбасшысы, болашақтың суретшісі.

Иә қазақ қыздарының болмысына, табиғатына, іс-әрекетіне қайран қала отырып, жыр жазбаған ақын, ән шығармаған сазгер, өз шығармаларына арқау етпеген жазушы жоқ шығар сіре! Ақын, жазушылар өздерінің шығармаларындағы батыл да нәзік, тапқыр да парасатты, еңбекқор да шыдамды, махаббатқа адал қыз, ана образдарын оқырмандарын қызықтыру үшін қиялдан, ойдан шығарған жоқ. Олар болған! Олар бар! Тарихта аттары қалған – Топай, Тұмар, Ақсұлу, Домалақ ана, Гауһар, Толағай, Зере т.б. сияқты аналар жайында сөз бола қалса, олардың ұлтымыздың ұлт болып қалуына сіңірген еңбектерін, ерліктерін, тапқырлықтарын айтып мақтанамыз, үлгі тұтамыз! Сол аналарымыздың жолын қуған, ерлігін қайталаған аруларымыз қаншама?! Кешегі халық жауы болып, атылып кеткен арыстарымыздың артында қалған жарларының жарына деген адалдығы, тағдыр тәлкегіне мойымай бар қиыншылықты ер азаматтарша жанкештілікпен көтерген өжеттіліктері, төзімділіктері жайында әрқайсысына бір-бір том арнауға болатын аңызға бергісіз оқиғаларға толы. Одан беріге келсек екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен – Хиуаз, Әлия, Мәншүк апаларымыз. Осы соғыста аттары аталмай, тарих қойнауына кіріп, ұмытылып кеткен қаракөз қазақ қыздары қаншама?! Одан беріге жылжысақ бейбіт еңбек майданында ерлерше еңбек еткен Гүлбану, Зылиха, Кәмшат, Күлшетап апаларымыз ше?! Нәзік жанды әйел бола жүріп, жар бола жүріп, ана бола жүріп ерлермен иық тіресе еңбек етіп, аттары Әлем, Одақ көлемінде танымал болғанын білеміз. Еңбектен, қоғамдық қызметтен қол үзбей жүріп дүниеге 10-12 бала әкеліп, «Батыр ана» атанған алып құрсақ аналарымыз қаншама?! Иә, қазақ әйелдері нәзік бола жүріп, осыншама ерлерге бергісіз жанкешті іс-әрекеттері, батылдықты қайдан келді дейтін болсақ – ол олардың көшпенділерге ғана тән, қанға біткен еркіндік, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып алған еркін тәрбиесі, еркін өскендігі. Европада өзінің еркіндігін, бойындағы қандай да бір қасиетін көрсетуге талпынған әйелдерді мыстанға теңеп, тірідей өртеген. Араптар болса тірідей көмген. Ал біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан қазақи, ұлттық тәрбиенің ерекшелігі сол қыздардың, әйелдердің бойындағы нәзіктікті, сыпайылықты «қыздың жолы жіңішке» - деген бір ауыз сөзге сыйдыра отырып, олардың ел басына күн туған шақта ер-азаматтардан ешбір кем түспей, қиын-қыстау сәттерде батыл әрекет етіп, шешім қабылдауға баулып, намысын қайрап өсірген. Осы күнге дейін қазақты ұлт ретінде жойып жіберу үшін жасалған талай құйтырқы саясаттың іске аспай қалуы біздің қазақ әйелдерінің, қазақ аналарының үлесі екендігін тарих дәлелдеп отыр. Бұл уақытпен, тарихпен дәлелденген шындық! Ал енді босағаны жаңа аттаған келінге «Қызым саған айтамын, келімің сен тыңда»-деген парасаттылықпен жаңа ортаға сіңіп кетуіне, білмегенін үйретіп, келін мен ене арасындағы татулық пен сыйластықтың сақталуына аса мән берген. Қазіргі кезде келіндерге жалпы әйел адамдарға айтылатын сын көп. «Қазіргінің келіндері жалқау, қолынан телефон түспейді, үйге кісі келсе қабағы түсіп кетеді, дайынға үйренген, ештеме үйренгісі келмейді»-деген сияқты әңгімелерді жиі естиміз. Солай да шығар. Осылай айтуға да бір себеп бар шығар. Бірақ барлығына бірдей топырақ шашуға болмайды ғой. Мен осы бір жазбамда бірнеше мысалдар

келтіре отырып, жоғарыда айтылғандай жалпылама пікірге қарсылық білдіргім келеді. Мен мысалға келтіріп отырған кейіпкерлерімнің іс-әрекеттеріне, азаматтық тұлғаларына сипаттама айта отырып, оларды тарихта аттары қалған ұлы аналарымыз бен өпкелеріміздің сарқыты, жалғасы дер едім. Сонымен бастайын.

Менің бірінші кейіпкерім, бірнеше жыл көрші болып келе жатқан Шапиға



А х м е т қ ы з ы Ахметованың келіні – Дана Тоқтарқызы Ахметова.

Дананың келін ретінде де, азамат ретінде де атқарып жүрген адам сүйсінерлік іс-әрекетіне мән әбден тәнтімің.

сөндірмеу, төрт баланы оқытып, жеткізу деген жауапкершілігі де, ауыртпашылығы да мол міндет екенін енеміз екеуіміз бір-бірімізге айтпай-ақ түсіндік. Міне содан бері 8-жыл уақыт өтіпті. Енем маған сырласым да, қамқоршым да, ақылшым да, сүйенішім де бола білді. Жұмыс бабымен ерте кетемін, кеш келемін, іссапарларда да боламын. Кейде үй шаруасына да көңіл бөле алмай кететін жағдайлар бо-



алғысына бөленді. Оқуын ары қарай жалғастырып, өзі де массаж үйретуге құқылы екендігін растайтын құжатқа ие болды. Қазір Құралайдың бірнеше шәкірті нәтижелі жұмыс істеуде. Құралайым мұнымен қоймай Талдықорған қаласындағы «Әйелдерді босануға дайындау және босанғаннан кейінгі денсаулығын қалпына келтіру, әйелдерге тән түрлі аурулардың алдын алуды (жатыр миомасы, жатыр кистасы, жатырдың төмен түсуі) үйрететін курсты бітіріп келіп қаламызда тұңғыш және жалғыз «Әйелдер денсаулығы академиясы» орталығын ашып, бірнеше келіншектің бала көтеруіне, т.б. түрлі ауруларынан айығып кетуіне себепші болып жүр. «Мұндай емді алу үшін де,

Мен қазақ қыздарына қайран қалам!

Өзіне де, сыртынан да «Біздің Дана атына сай дана келін»-дегенді айтудан жалықпаймын.



Дана келін ретінде де, ана ретінде де, үй шаруасы мен қызметін бірдей алып жүрген білікті маман ретінде де, өзін-өзі жан-жақты көрсетуі кімді болса да сүйсіндіреді. Мамандығы есепші. Бұл мамандықтың жауапкершілігі өте жоғары екендігі бәрімізге мәлім. Ахметовтар әулетіне келін болғанына 13 жыл болған Данамыз төрт баланы дүниеге әкелген аяулы ана, сүйікті жар, сүйкімді келін, ақылды жеңге. Қызметінен қол үзбей төрт баланы дүниеге әкеліп, оларға заман талабына сай тәрбие беру үлкен жігер, зор еңбек. «Дана өзінің көмегіне зәру болып тұрған айналасындағы адамдарға да, отбасы мүшелеріне де қолынан келіп тұрса көмегін еш аямайды. Үйге келген ағайындарға да, қонақтарға да еш қабағын шытпай, ақ жарқын көңілімен қарсы алудан бір жалыққан емес. 75-жасқа келгенімше ел арасында жұмыс істеп, ел ішінде жүргенім осы Дана келінімің арқасы. Жылбасындағы жарасымдылық Данамның отылы қабағы мен мейірімді жүрегінің арқасы»-дейді Шапиға Ахметқызы. Мен Дана Тоқтарқызының өз ісіне мығым, білікті маман екенін «Даму» кәсіпкерлер палатасында қызмет етіп жүргенде байқадым. Алдына қандай да бір түйткілді мәселемен барған жанның барлығы білікті маманның ақыл-кеңесін алып, көңілдері толып, риза болып қайтқанын талай байқадым. «Енем менің ақылшым, қамқоршым. Кез-келген жағдайда мені қолдап отырады. Ол кісінің қамқорлығының арқасында жолдасым Ермек Ахметов екеуіміз қандай қиыншылық болса да жеңіп заманымыздың алдыңғы қатарлы жанұяларының бірі болуға тырысамыз. Анамыз ортамызда аман-есен жүре берсе екен деп тілейміз»-дейді Дана келін.

Екінші кейіпкерім, Абай ауылы, Тасарық орта мектебіндегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сыдықова Гүлнұр Мырзағалиқызы. «Жолдасым Қалибеков Ербол кенеттен жол апатынан қайтыс болғанда, төрт баланың алды 7-жаста, арты 6-айлық, өзім 30-жаста едім. Әрине жауыңа тілемейтін ауыр жағдай. Бұл үлкен қайғы енем Бәтін Кененбайқызына да, балаларыма да, маған да оңай тиген жоқ. Қайғырдық, жыладық. Бірақ өлгеннің артынан өлмек жоқ деген. Шаңырақтың отын

ла-ды. Осының барлығына енем еш қабағын шытпай, мені қолдағаннан бір тайған емес. Мен жұмысымда қандай да бір жетістікке жетіп жатсам, және балалардың да дұрыс тәрбиеленіп, жақсы оқып жатқандығы да толығымен енемнің арқасы»-дейді Гүлнұр.

73 жастағы Бәтін апайымыз болса: «Гүлнұрым ақылды, өз ісіне ұқыпты, үй шаруасына керекті дүниенің бәрін өзі реттеп жүреді. Ағайын-туысқа кішіпейіл, ақжарқын. Үй шаруасына да, жұмысқа да үлгереді. Үлкен шаңырақ болған соң балалардың бастары осы үйде жиі қосылады. Ондайда Гүлнұрым бәрінің қас-қабағына қарап, қарсы алып, сый-сияпатын көрсетіп жатады. Содан да болар балалар осы шаңырақ астында жиі бас қосып, қонақ болып, келіп-кетіп жүргенді ұнатады. Гүлнұрыма ризамын»-дейді.

Кейде біз біреудің жақсы жағын көре тұра, мойындағымыз келмейді, ол жайында айтқымыз да келмейді. Неге? Бәлкім сол адамның өзімізден артық болып кеткенін қаламаймыз немесе қызғанамыз. Бірақ жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын деген бар емес пе?

Өз келінім Құралай Еділқызы Қызырова шығыстың тумасы. Балам Сұңқар Серікбайұлымен қол ұстасып, отау құрғандарына тоғыз жыл уақыт болды. Босағамды оң аяғымен аттап кіргеннен бастап Құралайымыз дәл осы үйде туып,



өскен өз баламдай сезімде болдым. Осы уақыт ішінде бір-бірімізге қабақ шытып көрмеппіз. (Тіл, көзден сақтасын). Семей дәрігерлік колледжін үздік бітірген Құралай, аудандық аурухана ұжымының аса бір белсенді, сыйлы мүшесі ретінде көзге түсіп жүрді. Бала бағуға байланысты еңбек демалысы кезінде, тұңғыштары бір жасқа толмай жатып: «Мен Алматы қаласындағы балалар массажын үйрететін курсқа жазылдым. Барып оқуым керек» дегенді айтып тұр. Шындығы керек мен іштей қарсы болсам да қолдайтынымды білдірдім. Екі апталық курсты үздік деген бағамен бітіріп келіп қаламызда тұңғыш болып «Балалар массажы» орталығын ашты. Бұл ісі нәтижесіз болған жоқ. Талай баланың денсаулығының түзелуіне себепші болып, ата-аналарының

балаларымызға массаж жасату үшін де Алматы, Талдықорған сияқты үлкен қалаларға барушы едік. Дәл осы қызметі үшін, осы жақсылығы үшін Құралай ханымға мың алғыс» дегенді келушілердің көпшілігінен естідім. Өз басым Құралайымның қандай бастамасын болмасын қолдап отырамын. Үй шаруасына да мығым, бала тәрбиесіне де жан-жақты көңіл бөліп отырады. Сұңқарым мен Құралайым қол ұстасып, көзге көрінген үш қарғасын заман талабына сай өсірсе, аман-сау, татутәтті өмір сүрсе маған басқа ештеңе керек емес! Менің ана ретінде, ене ретінде тілеуім осы. Құралайымның алға қойған мақсат, жоспарлары көп. Мен оның талай шыңдарды бағындыратынына сенімдімін.

Мінекей менің осы жазбамдағы кейіпкерлерім өз заманының батыр да, батыл да, ақылды да, ержүрек қыздары дер едім. Менің кейіпкерлерім сияқты ер азаматқа бергісіз еңбек етіп, табыс тауып, бүтіндей бір шаңырақты өрге сүйреп жүрген қыз-келіншектеріміз қоғамда аз емес. Соларға жаратушы ғұмыр берсін, жігер берсін деп тілейік! Кейде бір тойларда «Қыз бала барған жеріне бақытты боламын деп бармайды, сол ортаны бақытты етемін деп барады»-деген қайдағы бір жаттанды тұжырым айтылып жүр. Қыз балаға «Барған жерінде бағың ашылсын, бақытты бол»-деп бата бермеуші ме еді?! Ал барған жерінде өзінің ойын, мақсатын іске асыру үшін қолдау көріп, дұрыс бағыт-бағдар алса онда оның бағының жанғаны. Әйел адам өзін бақытты сезінсе, ол барған жерін де, жанұясын да, балаларын да бақытты ете алады. Қазақ бекер айтпаған «Жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге келген келін - келсап» деп. Келін мен ене арасындағы ортақ үйлестік отбасының берекесін келтіретіні сөзсіз. Өзге отбасына келіп, сол үйдің түтінін түтетіп, сол шаңырақтың бір мүшесі болып кету, біз қазақ келіндеріне өкенең қанымен, ананың сүтімен, отбасындағы тәрбиемен, ата салт-дәстүрімен бойларына сіңген қасиет деп білеміз.

"Қандай да бір жетістікке жеткен мықты азаматтың артында мықты әйел тұрады"-деген тұжырым бар ғой. Дәл сол сияқты "Жақсы келіннің жанында жақсы ене жүреді" деген дана сөз бекер айтылмаса керек!

Осы жазбамды таза параққа көшіріп жатқанымда, Шапиға апай телефон шалып: «Ұлжан, сен неге менің Дана келінімді ғана жазасың? Менің Нұргүл келінім де осал емес, өте тамаша жан! Нұргүлім де, Данам да құрсағыма бітпесе де құшағыма біткен қыздарым!»-демесі бар ма! Сонымен құрметті оқырман Шапиға апайдың келіні Нұргүл Ақсабекқызы, жолдасы Аманжол Ахметов екеуі үш бала тәрбиелеп отырған тамаша келін! Осындай еңелер мен келіндер тұрғанда қазақ халқы өзін ұлт ретінде сақтап қалатыны сөзсіз! Алтын құрсақ аналарымыз аман болсын!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ, Сарқан қаласы.

• Заң және тәртіп

**МОБИЛЬДІ ТОП КӨШПЕЛІ
ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ**

Ағымдағы жылдың 5 наурызында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Саян Ахметжанов сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топтың құрамында Сарқан ауданында болып, қоғамдық қабылдау өткізді.

Аталмыш шараның негізгі мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және шалғай аудандардың тұрғындарына заңгерлік көмек көрсету. Көшпелі қабылдау аясында

топ мамандары 50-ден астам азаматқа кеңес берді.

Шара барысында тұрғындар білікті заңгерлік көмекті қажет ететін түйткілді түйіндерін ортаға салды. Мұндай формат қарапайым халықтың құқықтық мәселелеріне кең ауқымды қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

Мобильді топтың мамандары қабылдауға келген тұрғындарға азаматтық, жер, отбасылық құқық және басқа да өзекті тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі түсініктер берді.

Департамент басшысы Саян



Қылышұлы Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауы аясында заң мен тәртіпті сақтау мәселелеріне ерекше назар аударды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ» Жетісу облысының барлық аудандары мен қалаларында жұмысын жалғастырады.

Өз тілшіміз.

• Өзекті

**Бала тәрбиесі -
қоғамның басты
міндеті**

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын мақсат-міндеттерінің ең бастысы – қоғамда өз орнын таба білген саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені бұл болашақпен тікелей байланысты маңызды дүние. Жасөспірімдерге адамгершілік-рухани тәлім-тәрбие беру, болашағына бағыт-бағдар көрсету бүгінгі қоғамның ең басты мәселесі.

Жасыратыны жоқ, бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып бара жатыр. Жастайынан жүгенсіз кеткен бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта түсетінін ескерсек, тұтас қоғам үшін бұл аса өткір мәселе екенін мойындауымыз шарт. Оны тек мәжбүрлі түрде мойындап ғана қоймай, аталмыш келеңсіздікпен күрес, алдын алу шаралары да ұдайы жүріп отыруы тиіс. Тәртіп сақшылары қанша жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей тұр. Өйткені бала тәрбиесі барша қоғамның тікелей міндеті. Тәрбие бейне ошақтың үш тағаны сияқты. Біреуі ақсаса қалғандары аяққа нық тұра алмайды.

Баланың бойында қайырымдылық, жауапкершілік қасиеттерді де тәрбиелеу өте маңызды. Ол үшін ата-ана бала тәрбиесінде барлық жағдайда әділетті, қайырымды болуы тиіс, бірінші кезекте мейірбандыққа тәрбиелеуге баса көңіл бөлгені жөн. Балаға деген мейірімділік сезімсіз тәрбие нәтижелі бола алмайды, өйткені оған жүрек жылуы арқылы ғана жол табамыз. Бірақ жақсы көрудің жолы осы екен деп теріс қылығы мен оң ісіне бірдей қарап, баланы елпектете беру керек деген ой тумаса қажет.

Сондай-ақ «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата-ананың күн сайынғы атқарып жүрген жұмысы, қоғамдағы іс-әрекеті, бала тәрбиелеудегі көзқарасы жасөспірімнің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Балалардың үлкендер не айтса соны айтқысы, не істесе соны қайталағысы келетіні белгілі. Демек, ересектердің қоғамдағы жағымды әрекеттері мен қасиеттері жасөспірімдер үшін үлгі, тәлім болмақ. Белгілі педагог А.Макаренко ата-аналарға лекциясында: «Сіз балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріп алыңыз» деген болатын. Меніңше тәрбие туралы сөз болғанда бұдан асырып ешкім айта алмас. Демек, біздің балаларымыз біздің айнамыз.

Ата-ана балаға арнайы уақыт бөліп жатпаса да әрбір сөйлеген сөзімен, іс-әрекетімен де әсер етіп, тәрбие үздіксіз жүріп жатады. Сондықтан ересектер қасында қырағы да сезімтал бала барын, оған да жаман да әдеті тез жұғатынын бір минутта естен шығармаған жөн. Балаларымызға дұрыс тәрбие беріп, қазақ елінің баянды болашағына атсалысайық, өз үлесімізді қосайық. «Бала нені білсе жастан, ұядан, Өле өлгенше соны таныр қиядан», - дегендей отбасындағы тәрбие, әрбір іс-әрекетіміз балаға үлкен үлгі-өнеге, өмірлік азық екенін естен шығармайық. Баланың саналы тәрбие, дұрыс білім алуына өз көмегімізді аямай, бала болашағы туралы ойланайық, ағайын!

Айнур ШАЛГИМБАЕВА,
«Ақбота» бөбек-жай бақшасының тәрбиешісі.


• Қ.Тастанбеков - 80

Қазақтың Төлегені 80 жаста

Жуырда Алматы қаласындағы А.Чехов атындағы кітапханада қазақтың әйгілі актёрі Құман Тастанбековтің 80 жылдығы құрметіне әдеби-сазды мерекелік кеш өтті.

«Қыз Жібек» фильмінде «Иең қайда, ақ боз ат» деп жоқтайтын еді Төлегенің қыз Жібек. Қазақтың Төлегені осыдан 8 жыл бұрын өмірден өтті. Бірақ дарынды актёр көрерменнің көңілінде мәңгі тірі. Атап айтсақ, Құман Тастанбеков қазақ киносының алтын қорына кірген О.Бөкейдің «Құлыным менің» шығармасында – Жан, «Вьетнам жұлдызында» – ұшқыш, Ө. Нұрпейісовтің «Қан мен терінде» – Тәңірберген, Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында» – Ақан рөлін сомдаған. Б.Мұқайдың «Өмірзаясында» – Цезарь, Ф.Эрвениң «Түлкі бикешінде» – Флоридор, Н. Хикметтің «Фархад-Шырынында» – Фархад, Шахмарденнің «Томирисінде» – Балқаш, С. Торайғыровтың «Қамар сұлуында» – Омар, С.Мұқановтың «Мөлдір махаббатында» – Жақыпбектің және басқа да рөлдерді театрда сахнасында ойнады. Қазақ киносының жарық жұлдызы – ҚР Халық әртісі, Лениндік комсомол сыйлығының лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордені иегері Құман Тастанбеков 1969 жылы қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының Театр факультетін тәмамдаған. Оқу орны қабырғасында КСРО Халық әртісі Хадиша Бөкееваның класында білім алған.

Кітапханада өткен шараға Құман ағамызбен жылдар бойы бірге тұрған, сахналас досы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актёрі Қиқымов Омар Жұмабекұлы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, актёр Маханов Жұмағали Пәрінбекұлы, кино және театр актёрі Еркебұлан Дайыров және актёр Асан Мажит қатысып, есті естеліктерімен



бөлісті.

Құман ағамен жақсы дос болған Омар Жұмабекұлы: «Құман – қазақтың Төлегені, «Қыз Жібек» фильміндегі Төлеген рөлі үшін 500 үміткердің ішінен таңдалған. «Қыз Жібек» фильмі экранға шыққаннан кейін, халық оны көшеде көргенде «Төлеген» дейді екен образдың шынайылық қуаты сонша. Құманмен 40 жылдан астам сахналас болдық – бірнеше спектакльде бірге ойнадық. Құманмен 25 жылдай бір бөлмеде тұрғаным – Алланың маған берген бағы. Жүрегіне ота жасалған жылы аға екеуіміз ауруханаға бір мезгілде түскенбіз. Өзілдесіп жататынбыз.

Құман қазіргі Жетісу облысында туған. Сондағы Текелі ауданында әкесі ПЗО-да немістермен бірге тас қашап жұмыс істеген. Коман деген неміспен жақсы дос болған екен. Негізі Құман ағамыздың толық есімі Құмарғали. Өлгі Команның атымен Коман, Құман деп атап кеткен.

Кеңестік дәуірді әлі деп аңсап жүргендер бар. Ол кезде біз – құл болдық. Киноны түсіру үшін жоспарын, сценарийін Мәскеу бекітеді, рұқсат береді. Қазақ қызының бүрмелі көйлегі,

әшекейлері, сәукелесін небір жақұт тастармен безендіргенін көргенде, қазақ ондай болған болуы мүмкін емес деп дүр еткен екен Мәскеу. Оны дәлелдеу оңай болмаған. Сол дәуірдегі қазақ мәдениетінің көрінісі Төлегеннің күміс түстес сауыты мен Қыз Жібектің жібек көйлегі Қазақфильмде әлі сақтаулы тұр».

Актёр Жұмағали Пәрінбекұлы: «Қыз жібек» фильмі кезінде Халықаралық кинофестивальдерге қатыстырылып, бір фестивальде фильмді 67 мемлекет сатып алған. Шетелдіктер Бекежанның аттың құлағында ойнаған ерлігіне қайран қалыпты. Кино қазақ қыз-жігітінің киімінің әдемілігін, әшекейлерін, жігіттердің қырағылын көрсетіп біздің ұлтымызды әлемге танытты. Канн кинофестивалінде француздар кинодағы қазақ даласындағы қызғалдақтарды көріп, «даланы қызылмен бояп шыққан ба» деп таңғалса, бір кісі «қазақтың даласында қызғалдақ солай жайқалып өседі» десе, аң-таң қалған екен.

Еркебұлан Дайыров: «Талантты жастарды көрсе, ерекше қуанатын Құман ағам. Мені көрсе, «Сейфуллин» дейтін. Білесің бе, Сәкен Сейфуллиннің шығармасында Еркебұлан деген жігіт бар дейтін. Сахнада актёрлердің арақашықтығын, геометриялық тұстарын сезініп, дәл айтатын. Кейін сол айтқандарының кәсіби маңызын түсіндім. Құман ағамыздай үлкен актёр болуды армандағам». Актёр Асан Мажит те Құман Тастанбековтің актёрлік таланты мен адамгершілік қырын біраз әңгімелеп берді. Кешке мектеп оқушылары, студенттер, кітапхана оқырмандары қатысты. Шараға келген актёрлерге жиналған қауым Құман Тастанбековтің өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтар қойып, білімін толықтырды. Шара соңында кітапхана жетекшісі Толқын Әлижанқызы сөз алып, кездесуді қорытындылады.

Бану ОНДАСЫНОВА.

Абайды оқы - таңырқа

туғанына 180 жыл толуына орай «Абайды оқы – таңырқа» танымдық шара өткізді. Шараға Ушинский атындағы орта мектебінің 3 «а» сынып оқушылары мен ұстаздары қатысты. Шара барысында Абай атамыздың балалық шағы, өмір жолының негізі, шығармашылықтары айтылып, бейнежазба арқылы көрсетілді. Лепсі ауылдық кітапханадан алынған Абай атамызға қатысты кітаптар таныстырылып, оқушылар назарына ұсынылды. Шара соңында Абай Құнанбаевтың «Жазғытұрым», «Күз», «Қыс», «Өлең сөздің патшасы» атты өлеңдерін оқушылар мәнерлеп айтып, «Желсіз

түнде жарық ай» атты туындысы хормен орындалып шырқалды.

Абай атамыздың сөзі-ақылдың көзі. Адастырмайтын, аздырмайтын даңғыл. Абай Құнанбаевтың ойы мен өсиеті – базары күндіз – түні тарқаймайтын үлкен жәрмеңке. Іздегеніңді табасың, қалағаныңды аласың. Ақынның ертеңде кешегіден қалған, бүгіннен де, ертеңнен де артылатын байтақ қазына бар. Тек ұғатын сана, байлайтын ақыл, бағынатын жүрек керек!

А. ЖҰМАБЕК,
М.Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

Ұлы Абай атамыз – қазақ руханияты мен мәдениетінің символы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегінен орын тауып келеді. Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен танысу сананы оятып, кең әрі терең ойлауға мәжбүрлейді, жаңа көңіл-күй мен сезім сыйлайды, ақарқын армандарға жетелейді, өз-өзіңді тану арқылы тазару мен рухани баюға итермелейді. Ақын өз халқы үшін ғана емес, сонымен қоса әлемнің барлық халқы үшін баға жетпес үлес қосқан данышпан адам.

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қызметкерлері Ұлы ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай Құнанбайұлының

ЖОБА

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі «Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» № 23-96 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі «Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» № 23-96 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 184492 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе «электрондық үкімет» веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М. Разбеков

ПРОЕКТ

РЕШЕНИЕ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

О внесении изменения в решение Сарканского районного маслихата от 16 апреля 2024 года № 23-96 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Сарканском районе»

Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Сарканского районного маслихата от 16 апреля 2024 года № 23-96 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Сарканском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 184492) следующее изменение:

в Размере и порядке оказания жилищной помощи в Сарканском районе, утвержденных указанным решением:

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Срок рассмотрения документов и принятия решения о предоставлении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе со дня принятия полного комплекта документов от Государственной корпорации, либо через веб-портал «электронного правительства» составляет 6 (шесть) рабочих дней.»

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Сарканского районного маслихата

М. Разбеков

• Заң мен тәртіп

Аудан прокуратурасы ескертеді



Сарқан аудандық сотының үкімімен азамат «Ж.» көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған бола тұра, алкогольдік масаң күйдегі көлік құралын басқарғаны үшін Қылмыстық кодекстің 346-бабы 1-бөлігімен 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталды.

Аудан прокуратурасы ескертеді: көлік құралын масаң күйде басқарғаны үшін Әкімшілік құқық бұзу-

шылықтар туралы кодексімен 15 тәулікке қамаққа алу және 7 жылға көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы көзделген. Ал, көлік құралын басқару құқығынан айырылған тұлғамен, қайталап көлік жүргізсе Қылмыстық кодекстің талаптарына сай 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Аталған құқық бұзушылықтың қоғамға, адам денсаулығына қауіптілігін ескере келе, жол жүру қағидаларының талаптарын қатаң сақтауға және масаң күйде көлік жүргізуден бас тартуға шақырамыз!

• Спорт



Алғыс айту күніне арналды

1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған аудандық мекеме қызметкерлері арасында волейболдан жарыс өтті. Барынша тартысты өткен сайысқа 7 мекеме қатысты. Үздік шыққан команданы аудан әкімінің орынбасары А. Байғонысов марапаттады. Жеңімпаздар ақшалай сыйлыққа ие болды. Демеушілік танытқан "Эконом маркет" сауда үйіне алғысымыз шексіз. Сайыс нәтижесінде мынадай орындар анықталды: 1 орын Абай атындағы мектеп-гимназия, 2 орын Ақын Сара атындағы орта мектеп, 3 орын аудандық ветеринарлық станция. Сондай-ақ жекелеген аталымдар бойынша да үздіктер марапат көрді. Олар: үздік ойыншы Арыстанбек Смаханов, үздік шабуылдаушы Еламан Болат, үздік тосқауылдаушы Ерғали Абылханов.

Өз тілшіміз.

Борьба с вредителями и болезнями садов весной

В апреле садовые растения сбрасывают оковы зимнего сна, а садовод совершает обход своих владений и составляет план весенних работ на участке. В эти же сроки пробуждаются многочисленные вредоносные насекомые и начинают распространять болезни. При обнаружении на яблонях малейших признаков парши, тли, яблоневои моли, мучнистой росы и так далее то для этого есть различные препараты например такие как Борей, Касу-мин, Строби.

А так же сегодня на рынке можно найти множество препаратов, предназначенных для профилактических обработок садовых деревьев до раскрытия почек. Например, к этому классу средств относятся нитрафен, медный купорос, бордоская жидкость, минерально-масляная эмульсия и т.д. Однако наиболее универсальным средством является именно медный купорос — с его помощью можно справиться с паршой, плодовой гнилью, бурой пятнистостью листьев, черным раком, цитоспорозом, септоспорозом, кручавостью листьев и со многими другими болезнями.

Раствор медного купороса готовят в день запланированной обработки, поскольку он быстро утрачивает свои полезные свойства и даже становится токсичным для садовых деревьев. Для его приготовления 100 граммов медного купороса нужно растворить в 10 литрах горячей воды. Далее смесь переливают в ручной насос либо в специальный опрыскиватель и опрыскивают ею деревья так, чтобы жидкость смочила все ветки, включая самые высокие.

Подобные профилактические и лечебные обработки лучше делать спокойную, сухую погоду, в утренние либо в вечерние часы. При выполнении работы нужно защищать открытые участки тела — использовать резиновые перчатки, специальные очки, респиратор либо марлевую повязку. А по ее завершении тщательно промойте агрегат водой, вымойте лицо и руки с антибактериальным мылом, а также ополосните водой рот.

И напоследок хотелось бы привести еще несколько примеров простых способов борьбы с садовыми вредителями, которые помогут вам более эффективно контролировать их численность: • когда температура за окном поднимется выше +10 градусов, положите под деревьями в саду подстилку и каждое утро стряхивайте на нее жуков яблоневого цветоеда и жуков долгоносика; • установите на плодовые деревья ловчие пояса • развесьте на ветках плодовых культур разрезанные пополам пластиковые бутылки с забродившим компотом, квасом либо разбавленным водой старым вареньем.

Т. АУБАКИРОВ,
мастер лесного питомника РГУ
«Жонгар Алатауский» ГНПП.

Соблюдайте пожарную безопасность

С наступлением весны в лесу наступает пожароопасный сезон. Пожароопасный сезон в лесу — период, в течение которого существует опасность возникновения лесных пожаров. Начинается после таяния снежного покрова и установления положительной среднесуточной температуры воздуха и продолжается до наступления осенней дождливой погоды и установления отрицательной среднесуточной температуры воздуха.

КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» завершает подготовку к пожароопасному сезону 2025 года. Разработаны и утверждены планы тушения лесных пожаров на территории КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство». На пожароопасный сезон организовывается дежурство ИТР в выходные и праздничные дни в конторе учреждения. Проводится разъяснительно-агитационная пропаганда среди населения, размещение публикаций в районных печатных средствах массовой информации. Особое внимание уделяется разъяснительной работе, направленной на борьбу с выжиганием сухой травы на землях, граничащих с лесами.

На территории КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» тушение лесных пожаров возложено на ЛПС 2 - типа. В ЛПС 2 - типа имеется пожарный автомобиль, автомобиль УАЗ-390945, пожарная цистерна, пług лесной, трактор колесный, лопаты, топоры, бензопилы, ранцевые огнетушители и т.д. На территории КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» лесных пожаров в 2023 и 2024 годах не зафиксировано. В основном пожары случаются по вине человека, из-за несанкционированных палов сухой травы и несоблюдения правил пожарной безопасности. Сотрудники КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» призывают граждан соблюдать правила пожарной безопасности в лесах. Лесной пожар легче предупредить, чем потом его тушить.

М. ЖЕТИБАЕВ,
начальник ЛПС 2 - типа КГУ «Борлитобинское
лесное хозяйство».

КАК БЫСТРО ПРОВЕРИТЬ СТАТУС В ОСМС

Как известно, в контакт-центр 1414 можно звонить по вопросам получения медицинской помощи. Часть поступающих обращений касается уточнения статуса в системе ОСМС.

В ФСМС напомнили, как можно быстро проверить статус через онлайн-сервисы, не теряя времени на ожидание ответа оператора. Существуют собственные сервисы Фонда, через которые можно узнать свой статус в системе обязательного социального медицинского страхования, введя ИИН.

К ним относятся: - официальный сайт msqog.kz — через поле «Проверить статус застрахованности» в центре страницы; - мобильное приложение Qoldau 24/7 — через команду «Проверка статуса страховки» в главном меню; - @SaqtandyryBot в Telegram — через команду «Определить статус застрахованности» в основном меню.

Также Фонд социального медицинского страхования постоянно проводит работу по расширению сервисов для проверки статуса и оплаты взносов, заключая соответствующие соглашения с банками второго уровня и поставщиками медицинских информационных систем. На сегодня эта возможность доступна в мобильных приложениях: - Damimed - Halyk (Халық банк); - BCC.KZ (Банк ЦентрКредит) - Kaspi.kz (Kaspi Bank) - Forte (Forte Bank); - Freedom SuperApp (Фридом Банк Казахстан) - Bereke bank (Bereke Банк).

Кроме того, на сайте электронного правительства egov.kz доступна государственная услуга «Выдача информации об участии в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов в системе обязательного социального медицинского страхования».

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования».



Ерікті болу - ерлік

Жуырда "Jetisy jastary" КММ-нің филиалы "Sarqan jastary"-ның ұйымдастыруымен, орталық жетекшісі Бауржан Алдабергеноұлы, «Мейірімді Жетісу» волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Саматқызы Шырайдың қатысуымен «Ерікті болу-ерлік» тақырыбында Сарқан политехникалық колледжінде білімгерлермен кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты жастардың болашаққа деген қадамдарын нықтау, болашақ жастардың, өзіміздің қолымызда деген ұғымды тереңінен жеткізу, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.

Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да мемлекетті саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы. Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады. Осыған орай аудан жастарына барынша қолдау көрсету, олармен ашық диалог құру, өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік беру әрқашан маңызды. Сол себепті "Sarqan jastary" орталығының мұрындық болуымен осындай тағылымдық, тәрбиелік мәні зор іс-шараларды тұрақты түрде өткізу сарқандық жастарға деген қамқорлық пен қолдау. Әсіресе еріктілік ұғымын жан-жақты насихаттау болашағымызды баянды етері сөзсіз. Кездесу барысында сөз сөйлеген спикерлер осылай деп ойларын ортаға салды.

Кездесу соңында үздік деп танылған еріктілер алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшіміз.

Өен туған күн, мерекелімен!



Адамның басындағы абырой мен атақ, бедел мен бақ өзі өніп-өскен, тәлім алған өңіріне сіңірген ерен еңбек арқылы келеді. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана, кәсіби медиатор **Қалиева Күлшарбан Мырзабайқызына** жуырда "Ел анасы" арнайы атағы салтанатты түрде табысталған еді. Сонымен қатар Сарқан ауданының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚХА жанындағы Сарқан аудандық Аналар кеңесінің төрайымы, қалалық Әжелер алқасының төрайымы, Қоғамдық кеңестің және ҚДН-нің мүшесі Күлшарбан Мырзабайқызының 4-ші наурыз туылған күні. Аудандық ардагерлер ұйымы атынан осынау іскер, тиянақты, парасатты, аналардың анасы ардақты жаңды туылған күнімен шын жүректен құттықтай отыра деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

Ізгі тілекпен: Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық Әжелер алқасының төрайымы **Есбала СҮДІРБАЕВА**.

Өнегелі еңбегімен, тындырымды ісімен және қарапайым да парасатты мінезімен үлкен абырой-беделге ие болған **Орынова Ғалия Төлеуғалиқызын** көктемнің алғашқы, шуақты мерекелерінің бірі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен және наурыз айының 2 жұлдызы күні өткен туған күні әрі зейнет жасына келуімен шын жүректен құттықтаймыз!



Сарқан аудандық қазынашылық басқармасында 43 жыл тұрақты жұмыс жасап, өмірінің көптеген жылдарын мемлекеттік қызметке арнаған Ғалия Төлеуғалиевнаға осынау ерекше күні ізгі лебізімізді білдіргіміз келеді.

Қызмет жолында қажымас қайратыңыз арқылы абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар жан ретінде өзіңізді таныта білдіңіз. Мерейлі мерекеніз құтты, ғұмырыңыз ұзақ болсын деп тілек білдіреміз! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз!

Тілек білдіруші: Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы.

Алғысым шексіз

Мен қатардағы жауынгер Елшат Аяла «Мамыр-24» шақырылымының сарбазымын. Отандастарымды «Алғыс айту» күнімен шын жүректен құттықтай отыра, өзімнің алғысымды білдіргім келеді. Мен өз алғысымды, рақметімді мені әскерден күтіп отырған анама білдіргім келеді.

Құрметті менің ақ жаулықты анашым сізге мені дүниеге әкелгеніңіз үшін көп-көп рақмет! Мені бағып, маған мейірімді төккеніңіз үшін. Маған бар махаббатыңызды арнағаныңыз үшін. Мен қанша қателесіп, қате қадам бассам да мені кешіріп маған дұрыс жол көрсеткеніңіз үшін. Мен үшін түн ұйқыңызды төрт бөлгеніңіз үшін. Ақ сүт беріп, тәрбиелеп өсіргеніңіз үшін, АНА-ШЫМ сізге көп рақмет! Сіздей анам бар болғаны үшін мен бақыттымын!

Елшат АЯЛА,
мерзімді әскери қызметтің қатардағы жауынгері.

Аналарымызды бағалай білейік!

Ана бұл жалғанда ең қымбат, ең қасиетті адам. Оның мейірімі мен махаббаты шексіз, жүрегі кең, төзімі сарқылмас. Әрбір адам жарық дүниеге келген сәтінен бастап, ананың ыстық алақаны мен жылы құшағына бөленеді. Ол баласының әрбір қадамын қуанышпен қарсы алып, өмір бойы тілеуін тілейді. Ана үшін перзентінің бақыты бәрінен жоғары. Ол баласы үшін қандай қиындыққа да төтеп беруге дайын. Сондықтан анамызды бағалай білейік. Аналар мерекесі құтты болсын!

Талант ҚАЙСАРҰЛЫ,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 7 А сынып оқушысы.

СВОДНАЯ ВЕДОМОСТЬ

Стоимости посадочного материала в Сарканском лесном питомнике Жонгар-Алатауского ГНПП на 2025 год

№	Наименование породы	Размер высота, м	Количество посадочного материала	Цена за единицу, тенге
Хвойные породы				
1	Ель	до 1,0 м с ком	1781	7200-00
2	Сосна обыкновенная	до 1,0 м с комом	4522	6000-00
		1,0-1,5 м с комом	250	7000-00
		1,5- 2,0 м с комом	70	8000-00
		2,0-2,5 м с комом	40	9000-00
Лиственные породы				
3	Дуб черешчатый	сеянец до 1,0 м	8460	160-00
		1,5-2,0 м с комом	2000	4200-00
		2,0-3,0 м с комом	1000	5500-00
4	Тополь остролиственный	до 1,0 м	19125	300-00
		2,0-3,0 м	5000	500-00
5	Ива плакучая	1,0 м	2048	190-00
		2,0 м	1500	300-00
6	Липа мелколистная	1,0 м с ком	6947	2800-00
		1,0-1,5 м с ком	300	3400-00
		1,5- 2,0 м с ком	150	4100-00
7	Боярышник	до 1,0 м с ком	1555	1700-00
		от 1,0-1,5 с ком	300	2900-00
8	Калина	до 1,0 м с ком	480	1700-00
9	Ясень обыкновенный	1,5-2,0 м с комом	537	4200-00
		2,0-3,0 м с комом	200	5500-00
10	Береза бородавчатая	1,5-2,0 м с комом	1380	4200-00
		2,0- 3,0 м с комом	200	5500-00
11	Вяз мелколистный	сеянец до 1,0 м	16909	100-00
12	Лох узколистный	сеянец до 1,0 м	2221	100-00

(Лиственные породы: дуб., тополь, липа, ясень, береза) от 3-х м за каждые 1,0 м высоты в цену включается 1000 тенге

Обращаться по номеру: 5-40-39, 2-12-01.

М.ВИШНЯКОВ,
руководитель Сарканского лесного питомника РГУ «Жонгар - Алатауский» ГНПП.



Мерекелік өзіндер

-Әке, неге 8 наурызды күнтізбеде қызыл түспен бояп қойған?

Сонда әкесі бір күрсініп алып:

-Бұл еркек атаулысының қаны ғой, ұлым,-депті.

-Қымбаттым! Саған 8 наурызға не сыйлайын?

-Тіпті... білмеймін...

-Ендеше тағы бір жыл ойлануыңа уақыт беремін.

Еркектің қиялы:

«8 Наурыз мерекесін 29 ақпанға ауыстырса, жақсы болар еді...»

Әйелі ыдыс-аяқ жуып тұр, күйеуі газет оқып жатыр:

- Жаным, бүгін мерекені ғой, ештеңе істемей-ақ қойшы. Ыдыс-аяқты ертең жуа саласың.

Тұжырым:

«Қымбат көліктің кілті сұлу қыздың да жүрегіне келе береді».

SARQAN

Құрылтайшысы:

"Сарқан газеті" ЖШС директоры **ИГИМАН Жомарт Мақатұлы**

Бас редактор: **ЖЕҢІСХАН Партия**

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.